

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 тамыз N 938. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 387 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2016 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.14 N 99 Қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.14. N 99 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2002

жылғы

22

тамыздағы

N

938

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялаудың ережесі

Ескерту. Мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2006.02.14. N 99 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабын іске асыру мақсатында әзірленді және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялаудың тәртібін айқындайды.

2. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында түрлері көзделген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауды (бұдан әрі - кейіннен жариялау) осы Ережеде белгіленген тәртіппен осындай құқық алған баспа басылымдары жүзеге асырады.

3. Осы Ереже нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау қажеттігі туралы дербес шешім қабылдайтын Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысына және Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағына қолданылмайды.

4. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауды баспа басылымдары және олар жариялайтын мәтіндер Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне сәйкестік сараптамасынан өткізілуі шартымен және кейіннен ресми жариялауға облыстық, республикалық маңызы бар қала мен астананың аумақтық органдары берген (бұдан әрі - аумақтық органдар) құқықты алғаннан кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

5. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сараптама - оның барысында баспа басылымдары ұсынатын нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің эталондық бақылау банкінде сақталатын нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндеріне сәйкестігін тексеруді уәкілетті орган жүзеге асыратын рәсім;

2) макет - кейіннен ресми жариялауға жататын нормативтік құқықтық акт мәтінінің алдын ала үлгісі.

2. Кейіннен ресми жариялауға құқық алу үшін қажетті құжаттар

6. Кейіннен ресми жариялауға құқық алу мақсатында баспа басылымы аумақтық органдарға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) кейіннен ресми жариялауға құқық алуға арналған уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) баспа басылымының заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмелері;

3) м а к е т .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

7. Аумақтық органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сараптама жүргізуге және кейіннен ресми жариялауға құқық алу үшін қажетті өзге де материалдарды сұратуға құқылы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

3. Кейіннен ресми жариялауға құқық алудың шарттары мен тәртібі

8. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар келіп түскеннен кейін аумақтық органдар 30 күнтізбелік күн ішінде сараптама жүргізеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

9. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша аумақтық органдар кейіннен ресми жариялауға құқық беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

10. Аумақтық органдардың оң қорытындысы болған кезде баспа басылымы кейіннен ресми жариялауға құқық алады.

Бұл ретте аумақтық органдар кейіннен жариялануға тиіс нормативтік құқықтық актінің мәтініне "Ресми мәтін" деген мөртаңба қояды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

11. Кейіннен ресми жариялауға құқық беруден, егер:

1) осы Ереженің 6-тармағында көзделген барлық қажетті құжаттар немесе осы Ереженің 7-тармағына сәйкес аумақтық органдар сұратуға құқығы бар материалдар ұсынылмаған;

2) осы Ереженің 6-тармағында көзделген құжаттарда немесе осы Ереженің 7-тармағына сәйкес аумақтық органдардың сұратуға құқығы бар материалдарда ақпарат толық емес немесе шынайы емес ақпарат көрсетілген;

3) аумақтық органдардың теріс қорытындысы шығарылған жағдайда бас тартылуы мүмкін.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

12. Аумақтық органдар кейіннен ресми жариялауға құқық беруден бас тартылған жағдайда баспа басылымына бас тарту себептерін көрсете отырып,

дәлелді хат жібереді, сондай-ақ баспа басылымына ұсынылған барлық құжаттар мен материалдарды қайтарады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

4. Кейіннен жариялаудың тәртібі

13. Кейіннен жариялау құқығын алған баспа басылымдары нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне сәйкес корректорлық және редакторлық түзетулер мен қысқартусыз ресми мәтіндерін оларға дәлме-дәл сәйкестікте жариялауға тиіс.

14. Баспа басылымдары нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау кезінде олардың қолданысқа енгізілген күнін міндетті түрде көрсетуге тиіс.

15. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау кезінде жарияланатын нормативтік құқықтық актілерге баспа басылымдарының қандай да бір түсініктемесіне рұқсат берілмейді.

5. Қорытынды ережелер

16. Осы Ереженің сақталуын бақылауды аумақтық органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.